

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Астана қ.

№250144

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Жаппар Асқар атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Agro Olymp Logistic" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Ергалиев Ерлан Алшинович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2025-03-13» жыл № 14227215-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 6 380 192.00 (алты миллион үш жүз сексен мың жүз тоқсан екі тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 683 592.00 тенге (алты жүз сексен үш мың бес жүз тоқсан екі тенге нөл тиын) (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.3 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің еңкілік құндылық құрамы есеп; Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

6) Егер Жеткізуші отандық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өндіруші болып табылмаса, Тапсырыс беруші шарт сомасының 30% мөлшерінде аванстық төлем жасамайды.

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы құрайтын Шарттың сомасының 319 009.60 теңгеге тең бес пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, сондай-ақ 680 860.00 теңгеге тең Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізуге бұл жалпы 999 869.60 ((тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың сегіз жүз алпыс тоғыз тенге алпыс тиын)) теңгені құрайды:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

Осы тармақшаның талаптары тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды.

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;



7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 595-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол

беріледі. Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 жұмыс күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екендігіне қорықпайды.

Осы құқықтары мен талаптарынан бос екендігіне қорықпайды туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Егер сатып алынатын тауарды дайындаушы зауыт немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, жеткізілетін тауар үшін кепілдік кезеңі осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады. Ауыстырылған немесе жөнделген тауардың кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауардың ақауларын жою, ауыстыру, оның ішінде кедендік тазартумен байланысты барлық шығындарды жеткізуші де көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюдың кешігуі жеткізушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.



7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 26-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) Мердігер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) Мердігер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;

3) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

4) Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың қажетті құқық қабілеттілігін Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;

5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.



11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13 Өзге де шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған заңның және басқа да заңдардың өзгерісуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізілуіне және бұзылуына және өзгерістерді дағұрық қолдайынды және қазақша Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



енгізуге жол беріледі.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бірбіріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.8 Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының сақталуы мен орындалуына және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалмайтынына кепілдік береді.

13.9 Егер туындаған дау келіссөздер жолымен шешілмейтін болса, онда бұл дау Астана қаласының сотында қаралуы тиіс.

13.8 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Қазақстан Республикасы Президенті Іс
басқармасының шаруашылық жүргізу
құқығындағы "Мемлекеттік
резиденциялар дирекциясы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
г.Астана, Проспект МАНГИЛИК ЕЛ, 8
БСН 971040001050
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ556017111000000450
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 87026793717
Директор Жаппар Асқар

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын
(факторингті) басқаға беру арқылы
қаржыландыру шартын жасасқан кезде
қаражат алушы):
"Agro Olymр Logistic" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
Акмолинская область, Коргалжинский
район, с.Коргалжын, АЛИБИ
ЖАНГЕЛЬДИНА, 3/2
БСН/ЖСН 130140002838
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ596017111000002803
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 87015338406
Басшысы Ергалиев Ерлан Алшинович

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 14227215-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚКС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚКС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2025 қаржылық жыл												
73018681-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Кешью	қуырылған	Кешью, қуырылған, тазартылған, іріктелген, таза, бөгде қоспасыз, сынықсыз, зақымдалмаған және сапасыздық белгілері жоқ МЕМСТ 31855-2012	Килограмм	30	6 440.00	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (30)	0	193 200.00
2025 қаржылық жыл												



77868387-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шоколад	сүтті, толтырмамен, батондарда	Шоколадты батончик құрылған жержаңғақ, ұзақ карамель және нуга қосылған. Салмағы 50 гр. кем емес (Nuts) MEMCT 31721-2012	Дана	250	380.80	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (250)	0	95 200.00
2025 қаржылық жыл												
77855410-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Балық консервасы	майдағы шпроттар	Шпроттар қаңылтыр банкада 240 гр. кем емес MEMCT 280-2009	Шартты қалбыр	500	907.20	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (500)	0	453 600.00
2025 қаржылық жыл												
73013346-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Мейіз	іріктелген	Пісіруге арналған миіз іріктелген, таза, бөгде қоспасыз, зақымдалмаған және сапасыздық белгілері жоқ MEMCT 6882-88	Килограмм	130	4 200.00	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (130)	0	546 000.00
2025 қаржылық жыл												



77868450-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Батон	емдәмдік профилактикалық тамақтануға арналған, жидекті	Дәнді дақыл батончигі ассортиментте, дәрумендермен және минералды заттармен байытылған. Құрамы: 30,6% бүтін дәнді бидай (құрамында глютен бар), күріш, тасымалдаушы (полидекстрозалар) олигофруктоза, 7,2% бүтін дәнді сұлы, ылғал ұстап тұратын агент (глицерин), дәруменді-минералды кешен, кокос майы, қант, инвертті қант шербаты, арпа уытының сығындысы, тұз, хошиістендіргіш, эмульгатор, меласса, антитотықтырғыш 23,5 гр. кем емес. (Fitness) MEMCT 4570-2014	Дана	1200	323.68	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (1200)	0	388 416.00
---------------	--	-------	--	--	------	------	--------	--	--	---	---	------------

2025 қаржылық жыл

77856014-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қант жүгерісі	консервіленген, сіркесусыз	Тәтті жүгері консервіленген, жүгері орташа көлемді, ашық сары түсті, серпімді құрылымы бар қаңылтыр шыныда 425 мл. кем емес (Bonduelle) MEMCT 34114-2017	Шартты қалбыр	960	800.80	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (960)	0	768 768.00
---------------	--	---------------	----------------------------	--	---------------	-----	--------	--	--	--	---	------------

2025 қаржылық жыл



77868654-ЗЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шоколад	кәдімгі, толтырмамен, плиткамен	Шоколадтың қара сорттарынан дайындалған кәмпиттер, жаңғақ қосылған (10%) карамель тостағанда (41%), крем нугаты (37%) және шоколад (12%). Әр кәмпиттің құрамында карамель калийіндегі жаңғақ бар, ол нугатпен толтырылған және үстіне қара шоколадпен жабылған. Картон қаптамасында 15 кәмпит бар, жалпы салмағы кемінде 125 гр. (Toffifee) MEMCT 31682-2012	Бір буда	100	1 321.60	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (100)	0	132 160.00
---------------	--	---------	---------------------------------	--	----------	-----	----------	--	--	--	---	------------

2025 қаржылық жыл

73120319-ЗЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қызанақ	консервіленген, сірке сумен	Шыны ыдыстағы маринадталған қызанақ кемінде 720 мл. ҚР СТ 1389-2005	Шартты қалбыр	20	1 288.00	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (20)	0	25 760.00
---------------	--	---------	-----------------------------	---	---------------	----	----------	--	--	---	---	-----------

2025 қаржылық жыл



73019693-ЗЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Бадам	жоғары сұрып	Бадам іріктелген, таза, бөгде қоспасыз, сынықсыз, зақымдалмаған және сапасыздық белгілері жоқ МЕМСТ 32857-2014	Килограмм	40	5 264.00	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (40)	0	210 560.00
2025 қаржылық жыл												
77858839-ЗЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шиповник	кептірілген	Кептірілген итмұрын іріктелген, ластануларсыз, зақымдануларсыз МЕМСТ 1994-93	Килограмм	100	1 848.00	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (100)	0	184 800.00
2025 қаржылық жыл												
77867955-ЗЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қоспа	жемісті, кептірілген	Кептірілген жемістердің қоспасы ластану белгілері жоқ, бүліну белгілері және зиянкестері жоқ 10-20 кг. қаптарға оралған, МЕМСТ 32896-2014	Килограмм	700	918.40	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (700)	0	642 880.00
2025 қаржылық жыл												



73020570-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Күнжіт дәндері	өнеркәсіптік	Күнжұт ақ, қара бөгде қоспасыз, зақымдалмаған және сапасыздық белгілері жоқ МЕМСТ 9578-87	Килограмм	50	2 744.00	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (50)	0	137 200.00
2025 қаржылық жыл												
77855837-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қияр	консервіленген, қысқа мерзімді сақтауға арналған	Қиярлар консервіленген шыныда 2 л. кем емес МЕМСТ 20144-74	Шартты қалбыр	200	890.40	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (200)	0	178 080.00
2025 қаржылық жыл												
77868221-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шоколад	сүтті, толтырмамен, брикеттерде	Кокос жұмсағы бар шоколад батончигі, сүт шоколадымен жабылған кемінде 55 гр. (BOUNTY) МЕМСТ 31721-2012	Дана	320	380.80	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (320)	0	121 856.00
2025 қаржылық жыл												



77855521-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қырыққабат	теңіз, консервіленген	Консервіленген теңіз қырыққабаты пластик ыдыста 450 гр. кем емес МЕМСТ 31583-2012	Шартты қалбыр	500	974.40	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (500)	0	487 200.00
2025 қаржылық жыл												
77858921-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Джем	жеміс-жидекті	Термостабелді жеміс-жидек джемі жеміс кесектері немесе жидек қосылған кем дегенде 1 кг шелекте МЕМСТ 31712-2012	Килограмм	70	2 464.00	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (70)	0	172 480.00
2025 қаржылық жыл												
73022073-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Саңырауқұлақтар	консервтелген	Консервіленген шампиньондар 800-850 гр. қаңылтыр банкада МЕМСТ 28649-90	Шартты қалбыр	1200	1 321.60	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (1200)	0	1 585 920.00
2025 қаржылық жыл												



73014082-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Балқарағай жаңғағы	қуырылған	Самырсын жаңғағы тазартылған, іріктелген, таза, бөгде қоспасыз, сынықсыз, зақымдалмаған және сапасыздық белгілері жоқ МЕМСТ 31852-2012	Килограмм	3	12 768.00	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес жекелеген партиялармен 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (3)	0	38 304.00
2025 қаржылық жыл												
77858803-3ЦП2	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Орман жаңғағы	жоғары сұрып	Жаңғақ тазартылған, іріктелген, таза, бөгде қоспасыз, сынықсыз, зақымдалмаған және сапасыздық белгілері жоқ МЕМСТ 16834-81	Килограмм	3	5 936.00	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді берген күннен бастап жекелеген партиялармен күнтізбелік 15 күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы А.Сызғанов көшесі, №3/1 (3)	0	17 808.00



Договор о государственных закупках товаров

г.Астана

№250144

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Дирекция государственных резиденций" Управления делами Президента Республики Казахстан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор Жаппар Асқар, действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "Agro Olymр Logistic", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Ергалиев Ерлан Алшинович, действующий на основании Устав, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2025-03-13 года № 14227215-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется приложением 1 к Договору и составляет 6 380 192.00 (шесть миллионов триста восемьдесят тысяч сто девяносто два тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, а также все налоги и сборы, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, в том числе НДС 683 592.00 тенге (шестьсот восемьдесят три тысячи пятьсот девяносто два тенге ноль тиын) (далее - сумма Договора).

